

**Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының
докторанты Уразбаева Шарипа Нұрымбетовнаның
БД041600 – Өнертану мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындалған
«Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы
(1991-2016)» атты диссертациясына**

ПІКІР

Докторант Ш.Н.Уразбаеваның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты диссертациясының тақырыбы қазақ киносының қалыптасуы мен дамуы кезеңдеріндегі гендер мәселесі өзектілігін айшықтайды. Мұндай тақырып әлемдік деңгейде зерттелгенімен, алайда қазақ киносы саласында жазылып отырған бірінші ғылыми еңбек болуымен де құнды.

Диссертациялық жұмыс қазақ киносының қалыптасуы мен даму сатыларының қазіргі заманға дейінгі кезеңдерін толық қамтып, ондағы орын алған гендерлік бейнелердің толық картинасын қарастырады. Қазақ халқы қашанда әйелді жоғары құрметтеген. Соғанда орай автор ұлттық киномыздағы экрандық әйел бейнесін зерттеуде оның әр кезеңде заман талабына сай әйелдің көркемдік бейнесі өзгеріп отыратындығын ашып көрсетеді. Бұл ғылыми жұмыста мен өзім жеке білетін КСРО кинематографистер одағының мүшесі және кеңестік шығыстан тұңғыш шыққан әйел кинорежиссер Дариға Тналинаның еңбек жолы, одан кейінгі жас буын әйел режиссерлерінің шығармашылығы тереңірек қарастырылған. Бұл өте тың әрі қызықты тақырып, өйткені әлі күнге шейін қазақ киносындағы әйел режиссерлердің фильмдері, олардың режиссерлік қолтаңбалары мен көркемдік шешімдері жайлы зерттемелік жұмыстар бола қоймағаны белгілі.

Диссертант Ш.Н.Уразбаева өзі жинап, топтастырған әлемдік деңгейдегі көлемді материалдарды бір жүйеге түсіріп, ғылыми зерттеу тәсілдемесі негізінде жазып шыққан бұл диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен тараушалары дұрыс бөлінген. Нақты әдістемелік базаға сүйене отырып, олардың тақырыптары мазмұнына сай рет – ретімен талдаудан өткізгенін көруге болады. Бұл зерттеушінің шығармашылық сипатта ізденіс жасап үлкен жұмыс атқарғанының тағы бір дәлелі десек те болады.

Жұмыста қазақ киносындағы ер режиссерлер мен әйел режиссерлерінің фильмдеріндегі өзіндік қолтаңбасы зерттеледі. Әсіресе олардың әйел бейнесін жасаудағы үрдісі, заманауи қазақ киносындағы әйел режиссерлер мен ер режиссерлердің әйел репрезентациясын жасау стратегияларын салыстырмалы түрде қарастыруы өте қызықты. Өйткені әйелге ер адам тұрғыдан қараумен әйелдің әйелдік тұрғыдан қараудың жөні екі бөлек, ол психологиялық түрде де үлкен мәнге ие. Бұған қоса, бұл жерде бірқатар

батыстық және посткеңестік елдердің үздік әйел – режиссерлерінің фильмдеріндегі ізденістері мен жаңалықтары талданған. Олардың қазақ киносы мен режиссурасының дамуына тікелей және жанама ықпалы ашып көрсетілген.

Бұл зерттемелік жұмыстың жаңалығы оның қол жеткізген жетістіктерінен көруге болады. Ізденуші жоғарғы нәтижеге қол жеткізу үшін тек ғана ғылыми тілде жазылған томдық кітаптармен ғана шектеліп қалмай, әр жылдары экранға шыққан фильмдер жөнінде жазылған шет тілдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде жарық көрген шолулар мен рецензияларға жүгінген. Қазақ киносындағы гендердің талдаулық барысы автордың өзі зерттеу нысанына алып отырған бұл тақырыпты жақсы меңгергені, оның көптеген ғылыми материалдармен жан – жақты жете танысқанын көрсетеді. Бұл диссертация магистранттар, докторанттар, тіпті Орталық Азия киносындағы гендер мәселесін зерттеуші шет елдік мамандар үшін құнды дүние болмақ.

Сондықтанда мен Уразбаева Шарипа Нурымбетовнаның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты диссертациясылық жұмысының тақырыбы толық ашылғанын, ғылыми өзектілігі бар, қазақ кинотану саласында әлі де зерттеле қоймаған құнды еңбек, өздігінше даярланған, ғылыми тұжырымдарға негізделген еңбек деп жоғарғы баға беріп, оны 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Тағы бір қосарым, мен Ш.Н.Уразбаеваны тек ізденуші жас ғалым ретінде ғана емес, сонымен қатар қазақ киносында жұлдызы жанып келе жатқан жас режиссер, бірнеше халықаралық кинофестивальдердің жүлдегері, өзіндік орны шығармашылық тұлға ретінде танымын. Осыған байланысты диссертация авторына зерттеген ғылыми еңбегін тәжірибелік жұмыспен ұштастыру мақсатында, болашақта Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақтың атақты ұшқыш әйелі, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанованың экрандық бейнесін жасап, Шарипаға қоюшы-режиссер ретінде оның ерлігі жастарға үлгі боларлықтай ауқымды фильм түсіруді ұсынамын.

Сатыбалды Жәлелұлы Нарымбетов
Кинорежиссер, драматург, ҚР еңбек сіңірген қайраткері
«Қазақфильм» АҚ
«Көркемфильм» шығармашылық бөлімінің жетекшісі
ҚазҰӨА «Режиссура кино» кафедрасының профессоры

Айлицайса.Нур.@mail.ru

